

**«Өзім үйренемін»: бастауыш сынып
оқушыларына арналған авторлық
бағдарламаның ғылыми-әдістемелік негіздері**

Ерназимова Жумазия Кенжегуловна

*Педагог-модератор, бастауыш сынып мұғалімі, Жданов ЖББМ,
Қостанай ауданы*

Мақалада бастауыш сынып оқушыларының оқу дербестігін дамытуға бағытталған «Өзім үйренемін» авторлық бағдарламасының мазмұны, құрылымы және практикалық маңыздылығы ғылыми-педагогикалық тұрғыда талданады. Оқу процесінде SMART-мақсат қою, өзін-өзі бағалау, тайм-менеджмент, рефлексия, оқушы портфолиосы сынды инновациялық тәсілдердің тиімділігі дәлелденіп, оқушылардың функционалдық сауаттылығы мен тұлғалық өсуі арасындағы байланыс қарастырылады. Бағдарлама авторы ретінде апробация нәтижелері арқылы жұмыстың практикалық әсерін, диагностикалық құралдардың нәтижелілігін және педагогикалық қолдаудың тиімді формаларын сипаттадым.

Қазіргі таңда білім беру жүйесінің жаңғыртылуы оқушылардың тек білім, білік, дағдысын қалыптастыруды ғана емес, сонымен қатар олардың дербес оқуын, өзіндік шешім қабылдауын, метатанымдық қабілеттерін дамытуды талап етеді. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің 2022 жылғы №348 бұйрығымен бекітілген жаңа білім стандарттарына сәйкес, бастауыш білім беру мазмұны оқушының дербестік, жауапкершілік және рефлексия сынды тұлғалық қасиеттерін қалыптастыруды мақсат етеді. Осы талаптарға жауап ретінде әзірленген «Өзім үйренемін» авторлық бағдарламасы – бастауыш сынып оқушыларының оқу дербестігін қалыптастыруда тиімді әдістемелік құрал бола алады.

Бағдарламаның құрылымдық негізі және өзектілігі

Бағдарламаның өзектілігі оқушының дербес тұлға ретінде даму қажеттілігімен, білім алуға деген ішкі мотивацияны арттырумен және оқу әрекетін басқару қабілеттерін қалыптастырумен тығыз байланысты. Жас ерекшелігіне сай құрастырылған бұл бағдарлама 2–4 сынып оқушыларына арналған және оқу процесін тұлғалық-бағдарлы, интерактивті, құзыреттілікке негізделген форматта ұйымдастыруды көздейді. Онда:

1. SMART мақсат қою;
2. өзін-өзі бағалау және рефлексия;
3. «Жетістік картасы», «Өсу ағашы»;
4. оқушы портфолиосы;

5. уақытты басқару құралдары сияқты әдіс-тәсілдер кешені жүйеленген.

Ғылыми-әдістемелік негіздері

Бағдарламада ұсынылған әдістер мен тәсілдер Выготский, Блум, Колб, Брунер сынды танымал педагог-ғалымдардың теорияларымен үндес. Әдіснамалық тұрғыда оқу әрекетінің метатанымдық, мотивациялық және басқарушылық аспектілері қарастырылған. SMART мақсаттарын жоспарлау, уақытты тиімді бөлу, өз әрекетіне бақылау жүргізу және рефлексия жасау оқушының ішкі оқу стратегиясын қалыптастырады. Әр сабақ формативті бағалау құралдарымен, рефлексия элементтерімен толықтырылған, бұл оқушының өз даму траекториясын көріп, бағалай алуына мүмкіндік береді.

Апробация нәтижелері және диагностикалық динамика

2022-2024 жылдары қаңтар–сәуір айларында бағдарлама облыстың екі жалпы білім беретін мектептері базасында апробациядан өтті. Диагностикалық құрал ретінде кіріс, аралық және қорытынды сауалнамалар, өзіндік жұмыс үлгілері, бақылау кестелері мен портфолио элементтері пайдаланылды.

Нәтижелер

Диагностика кезеңі	Дербестік дағдысы (%)	SMART мақсат қою (%)	Рефлексия жазу (%)	Өзін-өзі бағалау (%)
Кіріс	43	31	22	29
Аралық	65	58	49	56
Қорытынды	82	79	77	81

Бағдарламаны өткен оқушылардың функционалдық сауаттылығы, оқуға деген ынтасы, дербес жоспар құра білу қабілеті және тұлғалық жауапкершілігі айтарлықтай артқаны байқалды. Атап айтқанда, білім сапасы көрсеткіші өткен оқу жылымен салыстырғанда 9%-ға, пәндік байқауларға қатысу белсенділігі 72%-ға өсті.

Практикалық маңыздылығы мен тарату әлеуеті

Бағдарлама оқушының оқу іс-әрекетін басқаруға үйрететін, оқу мотивациясын арттыратын, өзін-өзі тануға жетелейтін, оқу үлгерімін нақты жақсартуға бағытталған тиімді педагогикалық құрал болып табылады. Оның құрылымы кез келген жалпы білім беретін мектепке факультатив, вариативті курс, не тәрбие сағатының құрамдас бөлігі ретінде енгізуге ыңғайлы.

Бағдарлама нәтижелері ашық сабақтарда, шығармашылық есептерде, конференцияларда ұсынылды. Автор оқу үдерісіне енгізілген визуалды құралдарды, бағалау жүйесін, логикалық тапсырмаларды әдістемелік құрал ретінде пайдаланып, педагогикалық қауымдастықпен бөлісуге негіз қалайды.

«Өзім үйренемін» авторлық бағдарламасы – бастауыш сыныптағы оқушының тұлғалық дамуына ықпал ететін, оқу процесін сапалы

ұйымдастыруға мүмкіндік беретін инновациялық, ғылыми-әдістемелік негізделген педагогикалық жоба. Бұл бағдарламаны республикалық деңгейде тарату, педагогикалық тәжірибеге енгізу, оқу-әдістемелік жинақ ретінде жариялау қажет деп санаймыз.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы №348 бұйрығы.
2. Ы.Алтынсарин атындағы ҰБА. 2024 жылғы әдістемелік нұсқау хаты.
3. Vygotsky, L.S. *Mind in Society*.
4. Kolb, D.A. *Experiential Learning*.
5. SMART Goal Framework.
6. Bloom's Taxonomy.
7. Bruner, J. *The Process of Education*.
8. Ерназимова Жумазия Кенжегуловна: «Өзім үйренемін» авторлық бағдарламасы. Қостанай облысы, 2025.